

Болатова Қ.Б., Ергазықызы А.

**Семейліктердің  
Ұлы отан соғысындағы ерен  
еңбектері**

Бұл мақалада адамзат тарихында ойып алар орны бар Ұлы отан соғысы жылдары мен соғыста жан кешкен семейліктердің ерлігі жайлы жазылған. Сонымен қатар, отан соғысында семейлік жауынгерлердің соғыстың алғашқы күндерінен-ақ майданға, армия қатарына шақырғандығы, сол майданда алдыңғы шепте жауға қарсы тұрып өз отанын қорғауға ат салысқан жауынгерлердің ерлігі баяндалған. Автор сонымен қатар, Ұлы отан соғысы жылдарында көптеген атқыштар дивизиясының құрылғандығы, соның ішіндегі 1941 жылдың күзінде Семей қаласында 8-ші атқыштар дивизиясы жасақталғандығы, олардың бөлімшелері жауынгерлік әзірлікпен жаудың шабуылына тосқауыл қойғандығы айтылған. Ұлы отан соғысы жылдарында ірі шайқастарда, ерлік пен батылдығы үшін семейлік – жауынгерге Совет Одағының батыры атағы берілген, 3 дәрежелі Даңқ орденімен, Қызыл Ту орденімен наградталғандығы туралы ой түйінделген.

**Түйін сөздер:** Ұлы Отан соғысы, фашистік Германия, атқыштар дивизиясы, танк дивизиясы, Қызыл армия, Москва түбіндегі шайқас, Курск шайқасы, Ленинград түбіндегі шайқас, Қызыл крест, Қызыл жарты ай ұйымдары, Совет Одағының батыры, 3 дәрежелі Даңқ ордені, Қызыл Ту ордені.

Bolatova K.B., Ergazykyzy A.

**Heroism of population of  
Semipalatinsk during the Great  
Patriotic War**

This article is devoted to the heroism of soldiers from Semipalatinsk region during the Great Patriotic War. From the first days of the Great Patriotic War soldiers from Semei were called for the active military Soviet Army to fight against the German fascists in front flank and defend their Motherland. The author states also, that in the years of Great Patriotic war a great number of infantry divisions were formed, and in autumn of 1941 the 8th infantry was formulated in city of Semipalatinsk which had heroically fought against enemy troops. The article also tells about that in big battles in Great Patriotic war, soldiers from Semipalatinsk were appropriated the rank of Hero of Soviet Union for their courage, and they were awarded by the Order of Glory of the 3-d degrees and by the Order of the Red Banner. The author gives also facts that from the first days of war the party committee of Semipalatinsk city and government bodies effectively reorganized productions of different goods in accordance with the requirements of war-time.

**Key words:** Great Patriotic war, Nazi Germany, infantry division, Panzer division, red army, the battle of Moscow, the battle of Kursk, the battle of Leningrad, the Red cross, the Red Crescent organizations, hero of the Soviet Union, order of Glory of the 3rd degree, the order of the Red Banner.

Болатова Қ.Б., Ергазықызы А.

**Героические подвиги  
Семейчан годы Великой  
Отечественной войны**

В данной статье речь идет о героическом подвиге семейчан в годы Великой Отечественной войны. С первых дней Великой Отечественной войны семейчане были призваны на фронт, а также в ряды действующей Советской Армии, где они самоотверженно защищали свое Отечества от немецких фашистов на переднем фланге. Автор также отмечает, что в годы Великой Отечественной войны было сформировано множество стрелковых дивизии, и осенью 1941 года в городе Семей была организована 8-ая стрелковая дивизия, которая героически воевала против вражеских войск. В статье также говорится о том, что в крупных сражениях в Великой Отечественной войне за мужества и отвагу войнам-семейчанам было присвоено звание Героя Советского Союза, и они были награждены орденом Славы 3 степени и орденом Красного знамени. Приведены факты о том, что с первых дней войны партийный комитет города Семипалатинска и органы власти оперативно реорганизовали производства в соответствии с требованиями военного времени.

**Ключевые слова:** Великая Отечественная война, фашистская Германия, стрелковая дивизия, танковая дивизия, Красная армия, битва под Москвой, Курская битва, битва под Ленинградом, Красный крест, организации Красного полумесяца, герой Советского Союза, орден Славы 3 степени, орден Красного Знамени.

**СЕМЕЙЛІКТЕРДІҢ  
ҰЛЫ ОТАН  
СОҒЫСЫНДАҒЫ  
ЕРЕН ЕҢБЕКТЕРІ**

Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы жойқын соғыс болып табылатын Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жылдан асты. Бұл бар совет халқы үшін аса қатал сын және сұрапыл жылдар болды.

Отан соғысының шежіресіне семейлік жауынгерлер аса зор үлес қосты. Олар жаумен ерлікпен шайқасып жатқан Қызыл Армияның алғы шегінде болды. Соғыстың алғашқы күндерінен – ақ мыңдаған семейлік армия қатарына шақырылып, майданның алдыңғы шебіне жіберілді. Отанды қорғаудың алдыңғы қатарында коммунистермен комсомолдар болды. Соғыстың алғашқы күндерінен қан майданға 6950 коммунист, 16мың комсомол мүшелері аттанды. Семейліктер өз территориясында екі атқыштар дивизиясы жасақталғандығын мақтаныш сезіммен айта алады.

Бұл дивизиялар құрамының 70 пайызынан астамы қазақтар болды. 1941 жылдың 26 қыркүйегінде Батыс майданға 238 – атқыштар дивизиясы жіберілді. Қызыл Армияның Бас штабының 16-шы қазандағы жарлығы бойынша дивизия 49-Армияның құрамына енді. Сөйтіп, жауынгерлік тапсырманы орындауға дереу кірісіп кетті. Басты мақсат біздің қорғаныс шебімізді жау әскерлерінің шабуылына тойтарыс беріп, Ока өзенінің шығыс жақ жағалауына жібермеу еді. Осы аса жауапты тапсырманы орындай отырып дивизияның әскери бөлімшелері 23 қазанда Енгышевка – Алексин – Шукино – Дугно шебінде қорғанысқа көшті. Бұл учаскедегі жаудың шабуылы тоқтатылды. Сөйтіп, неміс фашистерінің Тула – Москва тасжолына шығу жөніндегі жоспары жүзеге аспай қалды [1; 176 б].

Қараша айында дивизия Гудерианның танк дивизияларымен кескілескен ұрыстарға қатысты. Желтоқсанның 5 -6 да Совет армиясы Москва түрінде жауға қатты соққы берген қарсы шабуылға шықты. Осы ұрыстардың алғы шебінде 238 – атқыштар дивизиясының жауынгерлері ерліктің небір тамаша үлгілерін көрсетті. Желтоқсанның 14-нен 17-не дейінгі күндерді өздерінен күші үш есе басым жаумен шайқасқан дивизия жауынгерлері Алексин қаласын жаудан аза етті. Дивизияның құрамында қазақтың халық батыры Аманкелді Имановтың ұлы Рамазан Амангелдиев жаумен аянбай шайқасты. Бір топ неміс солдаттарының қоршауында қалған батыр-жауынгер бір өзі қарсы тұрып, ерлікпен қаза тапты.

Қолбасшының жауынгерлік тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны, батылдық пен ерлік көрсеткені үшін 238 – дивизия КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1942 жылдың 3 – мамырындағы жарлығымен Жауынгерлік қызыл ту орденімен марапатталды. Қорғаныс Халық Комиссиариатының 1942 жылдың 24 – мамырындағы бұйрығы бойынша дивизия 30 – гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Соғыс жылдарында дивизия кескілескен ұрыстар жүргізе отырып бір мың шақырымдай жер жүрді, 1200-ден астам елді мекендерді жаудан азат етті.

1941 жылдың күзінде Семей қаласында 8-ші атқыштар дивизиясы жасақталып, олардың бөлімшелері жауынгерлік әзірлікпен өтті. 8 дивизия 1942 жылдың шілде айының 9-10 күндерінде Воронеж қаласының солтүстік аймағындағы Ливна қаласының учаскелерінде жаудың шабуылына тосқауыл қойды. Сталинградтағы жеңістен кейін дивизия Воронеж – Касторнен операциясына қатысты. Бұл 1942-43 жылдың қысқы кезеңіндегі совет әскерлері жүргізген аса маңызды шабуылдардың бірі болып есептеледі. 8 – дивизия бұдан кейінгі кезеңдерде 13 – Армияның алғы шебіндегі топқа енгізіліп, қыстың аса ауыр жағдайында жаудың күшті қорғаныс бекіністерін бұзды. Осыдан кейін оңтүстікке қарай бет алып Армияның басқа әскери құрамдарымен бірлесе отырып, жаудың үлкен тобын қоршап талқандады.

Дивизияның жауынгерлер Касторнаяға бірінші болып кіріп, Совет туын тікті. 8 –атқыштар дивизиясының жауынгерлері тарихи Курск шайқасының барлық учаскелерінде жаумен ерлікпен шайқасты. Курск аймағындағы ұрыстарда көрсеткен батырлығы және ерлігі үшін дивизияның 546 офицері мен жауынгерлері мемлекет наградаларына ие болды [2; 143 б]. Дивизияның жауынгерлік тарихынан Днепр өзенінен шабуылмен өту кезеңі ерекше орын алады. Әрқилы құрал-жабдықтарды шебер пайдалана отырып, дивизияның негізгі күштері бір түннің ішінде Днепрдің оң жақ жағалауына Киевтің солтүстігіне өтіп алды. Соның нәтижесінде өзеннен өту үшін нармдар салуға жағдай туды, бөлімшелердің шабуыл жасау аймағы кеңейді, сойтіп 13 – Армияның Днепрдің оң жақ жағалауындағы бекінісі күшейтілді.

Ерлік пен батылдығы үшін 44 семейлік – жауынгерге Совет Одағының батыры атағы берілген, 11 адам 3 дәрежелі Данқ орденімен наградалған. Солардың бірі, 1942 жылы Көкпекті ауданының тұрғыны Қойкелді Аухадиев майданға аттанды. 1943 жылдың күзіне батыр жа-

уынгер жаудың үш танкысын атып түсірді, екі танкысын өртеді. Бұған қоса қару – жарақ тиеген үш жүк автомашинасын, екі өздігінен жүретін зенбірегі, бес пулеметін құрамымен жойып жіберді. Бір топ батыл жауынгерлерді бастаған Аухадиев Днепрдің оң жақ жағалауына біздің бөлімшелрдің негізгі күштерін өткізді және осы ұрыста өзі оққа ұшты. Гвардия кіші сержанты Қойкелді Аухадиевке өшпес ерлігі үшін Совет Одағының атағы берілді.

1941 жылдың қараша айында кіші лейтенант Әнуарбек Керімбаев Ленинград майданының бір топ байланысшы жауынгерлерін бастап жаудың жер астындағы байланыс жүйесін басып алып, аса маңызды мағұлматтар алуға жағдай туғызды. Осы операция үстінде Керімбаев ерлікпен қазаға ұшырады.

Жарма станциясының тұрғыны ұшқыш Петр Иосифович Теряев ерлігімен даңққа ие бөленді. Ерлігі мен батырлығы үшін ол үш Қызыл Ту орденімен, Александр Невский орденімен награддалды. 1945 жылдың ақпан айында Кенигеберг (қазіргі Калининград маңындағы әуе шабуылы кезінде Теряев ерлікпен қаза тапты. 1945 жылы 15 көкекте гвардия майоры Теряевке Совет Одағының Батыры деген атақ берілді.

Ұшқыш Николай Дмитриевич Авдеев Орел, Курск, Белград, Брянск, Киев, Витебск, маңындағы әуе шабуылдарында неміс фашистерін талқандауға белсене қатысты. Ленинград түбіндегі айкастарда жауға қатты соққы берді. Авдеевтің жеке есебінде 250-ден астам әуе шабуылдары болған. Отан үшін айкаста Семейлік Петр Железняков асқан ерлік көрсетті. Ол авиэскадрилияның командирі болды. Майдандағы ерліктері үшін Қызыл ту, «Қызыл Жұлдыз», Александр Невский ордендерімен, көптеген медальдармен атап өтілді. Түнгі әуе шабуылының шебері Железняков жауға тұтқиылдан шабуыл жасап үрейін қашыратын. Железняков жеке басы 125 әуе шабуылын жасап, жаудың көптеген самолетін, соғыс техникасын жойды. Дивизияның құрамындағы 13 адам Совет Одағының батыры атанды. Солардың бір Семейлік николай николаевич Силин. Силиннің жұбайы Нелита Андреевна 1941 жылдың тамыз айында өзі тіленіп майданға аттанып, 1944 жылдың наурыз айына дейін майданның алғы шебінде болды.

Семейлік батырлардың қатарында ұшқыштар Петр Теряевты, Петр Железняковты, жауынгерлер Қапай Ысқақовты, Иван Ландышевты, Закария Белібаевты, Данил Сипицынды, Матвей Меркуловты, Иван Вярены, барлаушылар Сергей Елистратовты, зенбірекшілер Мұқатай

Әбеуловты, Айткен Ыбраевты, Кенжебек Шәкеновты, Махмет Қайырбаевты, Владимир Засядьконы, тағы да көптеген есімдерді атаған жөн [3; 157 б.].

Екі Семейлік жауынгер Александр Матросовтың ерлігін қайталады. Олар – қазақ Жанғазы Молдағалиев пен орыс Петр Карелин. 1943 жылдың қазан айында рота командирі, гвардия лейтенанты- Молдағалиевқа Днепрден өтіп, арғы жағалауды басып алу және басқа әскери бөлімшелері келгенше ұстап тұруға бұйрық берілді. Молдағалиевтің басшылығындағы рота түн ішінде қыйындықтарға қарамастан өзеннен өтіп, қатты қақтығыстан соң Днепрдің оң жақ жағалауында бекініс ашты. Соның нәтижесінде біздің әскерлер Днепрден өтіп бекіністерге тұтқиылдап шабуыл жасады. Жау қатты қарсылық көрсетті. Біздің әскери бөлімшелердің шабуылдары тоқтап қалды.

Жауды оқтың астына алды. Осынау шешуші кезеңде, өмір мен ажалдың арпалыс шағында Молдағалиев жанын тас түйіп, жаудың отын денесімен жапты. Сол – ақ екен жауынгерлер жауға лап қойып тас – талқанын шығарды. Рота командирі, лейтенант Петр Григорьевич Каралин 1944 жылдың 10 сәуірінде Армянск қаласы үшін кескілескен шайқаста өз денесімен жау пулеметі амбразурасының үнін өшірді. Осы жанқиярлық ерлігі үшін оған КСРО Жоғары Кеңесінің 1944 жылы 10 мамырдағы Жарлығымен Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Қапай Ысқақов жауынгерлік ерлікті Чехословакия жерінде, Степан Бурлаченко Польшада, Мұқатай Әбеулов Венгрияда, Иван Ландышев, Сергей Рубусин, Иван Корнев Германияда көрсетті [4; 39 б.].

Қатардағы жауынгер Фазыл Әділбаев үш бірдей Данқ ордендерін өзенді шабуыл жасап етудегі ерліктері үшін алды. Бірінші награда үшін, екіншісі – Висла, үшіншісі – Эльба үшін берілді. Үш бірдей Данқ ордендерінің иегерлері қатарында біздің жерлесіміз Борков Петр Николаевич, Купселов Николай Федорович, Кузнецов Александр Михайлович, Кондратьев Василий Николаевич, Киселев Николай Иванович және басқа да көптеген жауынгерлер бар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында обылыстың әскеи комиссариаттары әскери қызметке 106267 адамды шақырды, бұдан 44.984 адам өз өмірін Отанының бостандығы, ар-намысы үшін құрбан етті.

Әрине, батырлар данқ іздеген жоқ. Оны Отанды қорғаушыларға өмірдің өзі берді. Осы данқты сақтау, Отанға берілгендікті, Отанға деген сүйіспеншілікті жастардың бойына сіңіру,

тамаша жауынгерлік дәстүрлерімізді болашақ ұрпаққа жеткізу – бүгінгі ұрпақтың абыройлы борышы.

Қазақ халқының адамзат тарихында болып көрмеген жойқын соғыста жеңіп шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт болып отыр. Алайда уақыт озып, сол сұрапыл қаһарлы жылдар алыстай түскеніне қарамастан халқымыздың теңдесі жоқ ерлігі ұрпаққа өз Отанын сүюдің, қорғаудың бірден-бір үлгісі болып қала бермек. Семей өңірі азаматтарының басым көпшілігі соғыстың алғашқы күндерінен қолдарына қару алып, неміс-фашист басқыншыларымен соғысқа аттанды. Тылдағылар өз шаруашылығын төтенше жағдайға лайықтап дереу қайта құруға кірісіп, белсенді еңбектерімен майдан қажетіне сүбелі үлес қосып, фашизмнің дүлей күшін жеңіп шығуға жаппай ат салысты. Обылысымыздың барша халқымен еңбек ұжымдары қайғы мен қасіретке толы сол соғыс жылдарында «Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін!» деген ұранмен өмір сүріп, еңбек етті. Сол өмір тынысы еңбектеген жастан, еңкейген кәріге дейін ортақ болды. Қазақ халқы 1941 жылы, бесжылдықтың 4-жылын бейбіт еңбекпен қарсы алып, стахановшылар қозғалысын өрістетіп, өндірістің барлық салаларында ғылыми – техникалық прогресті атқарып жатқан кезі еді. Селолар мен деревняларда алдыңғы қатарлылардың, жанашылардың бұқаралық социалистік жарысы кең өріс алып жатты [5; 96 б.].

Қазақ халқының сол бейбіт еңбегін герман фашистерінің тұтқиылдан елімізге айуандықпен жасаған шабуылы бұзып кетті. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ Семейде жауынгерлік құрамалардың резервтерін даярлау шаралары кең түрде атқарыла бастады. Қалалық стадиондар мен спорт алаңдары әскери дайындықпен шынығу орындары болып қайта жабдықталды. Осыларда белсенді де тиянақты жаттығуларға қамтылған оқушы және студент жастар арасында жүздеген қыздар да болды. Дайындықтан өткен көпшілігі іле-шала майданға аттанып жатты. Жауынгерлік резервтерді даярлау жұмыстарының оқу-әдістемелік орталығы ретінде қорғаныс үйі ашылды. Барлық жұмыстар «Жаттығуда қиын болғанымен ұрыста жеңіл болады!» деген талап пен тәртіп негізінде атқарылды.

Қала мен селоларда ерікті қоғамдар мен төменгі денешынықтыру ұжымдары аталған шаралардан тыс қалмады. Мәселен, қалалық аурухананың дәрігерлері соғыс жылдарында 370 медициналық бикешті даярлап, екі жүзден астам қыздарды санитарлық жасақшылар қатарларына қосты.

Сондай-ақ, Осовиахим, Қызыл крест және Қызыл жарты ай ұйымдары тарапынан сан мыңдаған әскери мамандар даярланып шықты. Бұларға жауап ретінде соғыс басталысымен болған кеме жөндеу зауытының митингісіне сөйлеген жұмысшылар, инженерлер мен қызметкерлер былай деп атап көрсетті: «Фашизм бандиттерінің айуандықпен жасаған шабуылына жауап ретінде біз еңбек тәртібін ең жоғарғы сатыға көтеріп, еңбек өнімділігін екі есе арттырып, өзіміздің стахановшылдық жұмысымыз арқылы, Қызыл Армияға көмектесеміз».

Семейдің ет-консерві комбинатының ұжымы: «Майдан үшін, фашизмді толықтай талқандау жолында жанқиярлықпен еңбек етуден асқан абырой, бақыт болмауға тиіс», – деп мәлімдеді [6; 7 б.].

Соғыстың алғашқы күні – ақ Семейдің қалалық партия комитеті мен өкімет органдары жедел түрде өндіріс орындарын соғыс талабына сай қайта құру бастады. Өндіріс орны соғысқа қажетті заттар шығаруға кірісті. Мәселен, Семейдің ет комбинаты дәрәгерлік заттар, консерві шығаруды, тері комбинаты, тон, жылы киімдер, қолдан шығаруды игерді. 1941 жылдың өзінде бұлар соғыс қажетіне арналған 86 түрлі бұйымдар шығарды. Социалистік жарыс жаңа сатыға көтерілді. Жаңа қозғалыстар: «Екі жүздіктер», мамандарды ауыстыру, майдандық бригадалар пайда болды. Өндіріс орындарында, совхоздарда, колхоздарда, мекемелерде, ұйымдарда армияға кеткен ер адамдардың орындарын үй жұмысындағы әйелдер, жастар ауыстырып отырды [7; 5 б.].

Армияға маман жұмысшылардың кеткеніне қарамастан өнім өндіру толастамай, әрбір ай сайын артып отырды. 1941 жылдың тамыз айында Семей қаласының өнеркәсіп орындары өнім шығарудың 60-тан астам түрін игерді. 1941 жылдың күзінен бастап Семей өңіріне батыс аймақтардан өндіріс орындарымен ұйымдар, жүздеген жанұялар қоныс аударды. Тек Семей қаласына 9 өнеркәсіп орны, 9 оқу орны, 15 балалар үйі, жекелеген жанұялар орналастырылды. Семей облысында жетімбалалар үйіндегі жеткіншектердің саны 700-ден қырық мыңға жетті. Аталған жайыттар Семей өңіріне өте зор қиыншылықтар туғызды. Біріншіден, орын жетіспеді, екіншіден, кадр мәселесі тығырыққа тірелді, үшіншіден, жұ-

мысшы күші шамалы болды, төртіншіден, қысқа мерзім ішінде өнеркәсіп орындары өнім беруге тиісті болды. Асқан жауапкершілікпен берік тәртіптің негізінде төтенше мәселелер шешімін тауып жатты.

Көшіріліп келген өндіріс орындарын қалпына келірумен бірге жаңа өнеркәсіп орындары салынып, кеңейтіліп отырды. 1942 жылы ұн комбинаты салынып іске қосылды. Семейліктер майданға зор көмек көрсете отырып, қорғаныс қорын жасауға ат салысты. Тек қазан айында ғана қала халқы 2368 шолақ тон, 2537 пар пима, 8 мың әртүрлі нәрселерден тоқылған қолғап шұлық жинады. Негізінен ерлер майданға аттанғандықтан, өндіріс орындарын кеңейтуге қажет болғандықтан кадр мәселесі басты мәселесі болып отырды. Жергілікті үкімет барлық шараларды қолданып кадрге деген мұқтаждықты шешуге күш салды. 1941 жылы 2 – жартысында 100 әйел курстардан өтіп олар от жағушы, формовщик, моторист мамандығын игерді. Мұндағыларға «Ерлердің орнын әйелдері, ағаларының орнын қарындастары ауыстырды» деген ұран негіз болды [8; 56 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында әйелдер тек ерлердің орнын ауыстырып, қажырлы еңбек етіп қойған жоқ, олар өз Отанын қорғау қорына өздерінің алтын жүзіктерін, алқаларын тағы басқа асыл бұйымдарын әкеліп тапсырды.

М. Мәметова танкі колоннасын жасауға тері комбинатының әйел жұмысшылығы 32 мың сом, «Майдандағы жауынгерлердің анасы» атты танкі колоннасына семей әйелдері 70 мың сом қаржы жинап тапсырды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Семей облысы еңбекшілерінің 160 миллион сом болды [9; 376 б.].

Ұлы Отан соғысы Совет халқы үшін өте ауыр сын болды. Бұл сыннан халқымыз сүрінбей өтті. Ұлы Отан соғысы барысында 30- жылдары қалыптасқан диктаторлық тәртіптің өте терең дағдарысқа қарама-қайшылықтарға келгенін анықтай түсті. Осыған қарамастан біздің еліміздің жеңіске жетуі тыл мен майданның бірлігінде еді.

Жас ұрпақтар Ұлы Отан соғысы кезінде аға ұрпақтың ерлік істерін білуі және сол тамаша дәстүрлерін жалғастыра беруі тиіс. Ол дәстүрлер бүгінгі ұрпақ үшін сенімді мақсат болып табылады.

### Әдебиеттер

- 1 Аманжолов К. Ерліктің жарқын беттері (Ұлы Отан соғысында қазақстандық құрамалардың жеңіспен өткен жолдары 1941-1945). – Алматы: Қазақстан, 1987; Жауынгерлік ту астында. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 176 б.
- 2 Белан П.С. Казахстанцы-кавалеры Золотой звезды. – Алма-Ата, 1982. – 143 с.
- 3 Белан П.С. Слава тебя найдет. – Алма-Ата, 1982. – 157 с.
- 4 Әбішев Ғ. Қазақстан жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысы майдандарындағы ерлігі. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1959. – 39 б.
- 5 Аманжолов К.А. Ерліктің жарқын беттері. – Алматы: Қазақстан, 1987. – 96б.
- 6 Боздактар: т.1-Семей облысы. – Алматы, 1995. – 7-16 б.
- 7 Герой Советского Союза. – Семипалатинск, 2004. – 5-7 б.
- 8 Көпішев Қ. Қара бұлтты қақ жарған. – Алматы: Қазақстан, 1994.
- 9 Назарбаев М., Слиденко В. Великие битвы Великой отечественной войны. Астана, 2010. – 376 с.

### References

- 1 Amanzholov K. Erliktin zharkyn betteri ( Uly Otan sogysynda kazakstandyk kuramalardyn zhenispen otken zholdary 1941-1945). – Almaty: Kazakhstan, 1987; Zhauyngerlik tuy astynda. – Almaty: Kazakhstan, 1991. – 176 b.
- 2 Belan P.S. Kazakhstantsy-kavalery Zolotoi zvezdy. – Alma-Ata, 1982. – 143 s.
- 3 Belan P.S. Slava tebja naidet. – Alma-Ata, 1982.
- 4 Abishev G. Kazakhstan zhaungerlerinin Uly Otan sogysy maidandaryndagy erligi. -Almaty: Kazakh memletet baspasy, 1959. – 39 b.
- 5 Amanzholov K. Erliktin zharkyn betteri. – Almaty: Kazakhstan, 1987. – 96 b.
- 6 Bozdaktar: Tom 1, Semei oblysy. – Almaty, 1995. – 7-16 b.
- 7 Geroi Sovetskogo Sojuza. – Semipalatinsk, 2004. – 5-7 b.
- 8 Kopishev K. Kara bul'tty kak zhargan. – Almaty: Kazakhstan, 1994.
- 9 Nazarbaev M., Slidenko V. Velikie bitvy Velikoi Otechesvennoi voiny. – Astana, 2010. – 376 s.